# Педагог

№3(57)
(Мамыр-Май)
(Маусым-Июнь)
2020

*Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца*

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады. Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

**Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал**
**Республиканский научно-методический педагогический журнал**

## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ілім алу – тал бесіктен жер бесікке дейін ........ 3

**З. Масалимова**
Қазақ тілі сабақтарында «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» стратегияларын қолдану........ 4

**Г. Қапыш**
Қашықтықтан оқыту және оның маңызы ........ 6

**А. Ахметжанова**
Қашықтықтан оқыту жағдайында инженер-педагогтардың ақпараттық-құзіреттілігін жетілдіру........ 7

**Е. Крюков**
Пути повышения качества образования в условиях дистанционного обучения........ 9

**М. Каппасова**
Қашықтықтан оқыту – уақыт талабы........ 11

**Р. Болатбекова**
Бірлік бәрін де жеңеді........ 12

**Г. Джилхайдарова**
Қазіргі білім беруде тәрбие технологиясының ұтымдылығы........ 13

**А. Кусбекова**
Биология пәнін оқытуда Сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы стратегияларды пайдалану........ 16

**Ж. Нургалиева**
Математика және табиғат........ 19

**А. Баелов**
Дене тәрбиесінің негізгі мақсаттары мен қағидаттары ........ 23

**Ж. Сейітқалық, А. Кабдуллина**
Аспаз мамандығы – мақтанышым........ 26

**А. Тукупова**
Закрепление. Свойства арифметических действий........ 28

**Е. Маршалко**
Приготовление блюд из яиц и творога с применением технологического оборудования........ 30

**А. Аймагамбетова**
Қазақ тілі. 3-сынып. Наурыз – жыл басы ........ 33

**Р. Куантканова**
Заттардың орналасуы........ 37

**А. Батырғалиева**
Көктем сәні........ 42

**А. Ислам**
Қашықтықтан оқытудың көкейкестілігі жайында........ 44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 07.06.2020 ж.
Офсеттік басылым.
Таралымы: 1000
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы, Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58, 8 777 303 37 67.
Эл.пошта: **pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал <<RADO Print>> баспаханасында басылды. Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

# РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**Н.Омашев** – ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** – педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

**Ә. Дүйсебек** – Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** – Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

**Р. Кіршібаева** – Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712- Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 07.06.2020 г.
Печать офсетная.
Тираж 1000 экз.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312



**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 1949458,
8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**



Журнал напечатан в типографии <<RADO Print>>
г. Алматы, ул. Мыңбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.


## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

## ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

# Ілім алу – тал бесіктен жер бесікке дейін



***Зауреш Бакеновна МАСАЛИМОВА 14.07.1968 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген.***

***1989-1994 ж.ж. Талдықорған педагогикалық институтының мектепке дейінгі тәрбие факультетін педагог-психолог мамандығы бойынша, 2018-2020 жылдары Алматы Үздіксіз білім беру университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандығы бойынша тәмамдаған. Жалпы және педагогикалық еңбек өтілі – 30 жыл.***

***Қазіргі таңда Алматы қаласындағы №86 мектеп-гимназия директорының ғылыми-әдістемелік істер жөніндегі орынбасары.***

**Марапаттары:**

Алматы қаласы Білім Басқармасынан «Алғыс хат», 2019 жыл;

Республикалық «Өрлеу» орталығынан «Алғыс хат», 2020 жыл;

Қазақстан педагогтарының инновациялық идеяларын дамыту орталығынан «Құрмет грамотасы», 2020 жыл;

«Үздік педагог-2020» байқауының II дәрежелі диплом;

www.nio.kz Республикалық Ұлттық Интернет Олимпиада сайты, қазақ тілі пәнінен ұйымдастырған қашықтық олимпиадасының жеңімпазы I дәрежелі диплом;

Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған Республикалық қашықтық байқауынан «Алғыс хат», 2020 ж.

Daryn.online білім беру платформасы мен Qaztest.kz олимпиада сайты. **I Республикалық «Кемеңгер ұстаз» олимпиадасының** жүлдегері II дәрежелі диплом;

«Өрлеу» порталынан «Ұлағатты ұстаз төсбелгісі, Куәлік №0125, 2020 жыл;

Оқушылары 2019-2020 ж. қашықтық пән олимпиадалары мен түрлі байқаулардың қалалық, Республикалық I, II дәрежелі жүлделі орын иегерлері.

**Сертификаттары:** «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы», «Қалыптастырушы бағалау: жоспарлау, қолдану, нәтижелерді талдау және кері байланыс беру». Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл;

Республикалық ақпараттық, ғылыми-педагогикалық «Intelegence.kz» журналының №2 (122) санында материалы жарияланды. Нұр-Сұлтан қ., 2020 ж.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Алматы қаласы бойынша ПК БАЙ (02.03.2020 ж. 80 сағат).

# Қазақ тілі сабақтарында «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» стратегияларын қолдану



**Зауреш Бакеновна МАСАЛИМОВА,**
**Ғ. Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназия директорының ғылыми ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Әуезов ауданы,**
**Алматы қаласы.**

«Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар», – деп Т. Фуллер айтқандай, бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу – бүгінгі заманның талабы. RWST бағдарламасы ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама 60 түрлі стратегияларынан, әдістерінен тұрады. Мақсаты – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Мұғалімнің міндеті баланың өзіне деген шығармашылық қабілетін дамыту, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу. Өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады. Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын өз сабақтарымда қолданып жүрмін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетте бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойын еркін және зерттей талпындырып тұжырым жасау.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естігенін, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Оқушылардың осындай қабілеттерін дамытуға әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуға тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылығын ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында келесі міндеттерді анықтадым:

1. Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады;
2. Тақырып бойынша тапсырманың түсініксіз жерлерін айқындайды;
3. Топтастарының сұрақтарына жауап береді;
4. Қорытынды шығарады, өз пікірін дәлелдейді.

Сыни тұрғыдан оқу мен жазудың көмегі зор. Оқушы жеке жұмыс істеуге жаттығады. Өз ойын көпшілікке жеткізуге ықпал етеді. Сабақта оқушыға білім дайын күйін-

де беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Оқушылардың сын тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыған сайын, оларға төрт параметрдің көрсеткіші өседі: жекеден-жалпыға, дифференциалдыдан сенімділікке, интуициядан логикаға, бір перспективадан-көптеген перспективаға. Алдағы болатын құбылысты болжау үшін қиялға ерік береді, ал ойлау мен сөйлеу тығыз байланысты. Берілген сөздер арқылы ойды кеңейту үшін басқа сөздік қолданыстарды іздей бастап, сұрақ қою және жауап беру барысында тілдік қатысымдық бірліктер жүзеге асырылады. Аз уақыт ішінде материалдың мазмұнын түсініп, жеткізе білу үшін қажет. Бір сөз төңірегінде бірнеше ой өрбіту арқылы сөздік дәлдікке жетелейді. Пікірлесу кезеңінде танымдық қорды сыртқа шығарып, тілдік қатынасқа түседі. Берілген сөзге орай ұғымдардың синонимдік қатарын құрастыру тілдік тапқырлықты қажет етеді. Мен сабақтарымда стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданып келдім. Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай:

I фазасы – қызығушылықты ояту

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ой қозғау», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», т.б. деген аттары бар стратегиялар жинақталған.

II мағынаны ажыратуда үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу: тақырыппен танысу барысында V – «білемін», – «мен үшін түсініксіз», + – «мен үшін жаңа ақпарат», ? – «Мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Оқушылар арасында оқуға жеңілжелпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Бұл кезеңінде үйренушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Сонымен «Джигсо» стратегиясын да ұтымды қолдануға болады.

Ой толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы-ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Кластер», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі», «Жұқа және қалың сұрақтар», «Пікір алысу», «Екі жақты күнделік», «Синквейн», «Эссе» сияқты, т.б. стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне лайықталып қолданылады.

Сын тұрғысынан ойлау – жеке тұлғаға әсер етеді: 1) танымдық процестеріне; 2)

еріктік процестеріне; 3) сезімдеріне, эмоцияларына.

Оларды талдап, маңыздылығы бойынша топтастыруға болады:

1. Әдістердің түрлілігі;

2. Белсенді практикалық іс-әрекетте болу;

3. Басқалармен қарым-қатынас жасай білу, басқаларды тыңдай білу;

4. Қажет болса өз көзқарасын өзгерту;

5. Топтық тұжырымға келе білу;

6. Топ алдына шығып, өз ойын айта білу, қорғай білу.

Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік береді, жауаптар тыңдалады. Жеке басын құрметтей отырып, білім беру – қазіргі оқытудың негізгі талабы.Өйткені, оқушылардың бәрінің ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан бұл мәселеге психологиялық тұрғыдан карап, педагогикалық әрекет, әдістемелік шеберлікпен келу керек. Белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы осы орайда былай депті: «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу». Бір сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

# Қашықтықтан оқыту және оның маңызы






**Қашықтықтан оқыту** – бұл оку үдерісінің оқытушы мен студенттер арасында ақпараттық-коммуникация технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі.

**Қашықтықтан оқыту сайтына өту**

Қашықтықтан оқытудың әдіс-тәсілдері – білім алушыға жеке талап қоюмен қатар, оқытушымен тікелей қарым-қатынаста болуын іске асырады.

**Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:**

1. Оқытушының да, білім алушының да уақыты мен орнын тиімді таңдай білуі;

2. Білімнің тиянақтылығы;

3. Білім алушы мен білім берушінің арасындағы қарым-қатынастың қажетінше болуы;

4. Білім берудің дифференциациясы;

5. Ата-ана бақылауы (ата-аналардың білім беру үрдісін және оқытушылармен қарым-қатынасын бақылау мүмкіндігі).

**Мақсаттары мен міндеттері:**

1. Халықаралық тәжірибеге сәйкес үздік отандық білім беру жүйесінің негізінде ҚР МБМБС және оқу жұмыс бағдарламаларының негізінде студенттер білімінің жоғары деңгейге жетуі;

2. Қашықтықтан оқытуды пайдаланушылардың әлеуметтік-мәдени және психологиялық жас ерекшелігін ескере отырып, теориялық, ғылыми-психологиялық арнайы әдістемелер құрастыру;

3. Оқу үрдісі мен ЖОО-ның басқаруда пайдаланылатын ақпараттық технологияларды дамыту.

**Қашықтықтан оқыту технологиясы бо-**

**йынша** оқытушының негізгі міндеті – білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру, мақсат пен міндеттерді қою, білім тәжірибелерді беру, ұйымдастыру қызметі, білім алушылар арасында өзара байланыс орнату.

Қазіргі таңда өндірістік оқыту сабағы және өндірістік, кәсіптік тәжірибелердің өтуін қашықтықтан тиімді ұйымдастыру – біздің негізгі мақсатымыз деп ойлаймын.

Қорыта келе айтарым, оқу процесінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданысқа енгізу техникалық жағынан да, психологиялық жағынан да күрделі мәселе болып табылады.

**Гүлмира Қайратқызы ҚАПЫШ,**
**Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжінің өндірістік оқыту шебері.**
**Алматы қаласы.**

# Қашықтықтан оқыту жағдайында инженер-педагогтардың ақпараттық-құзіреттілігін жетілдіру



**Айшолпан Кунанбаевна АХМЕТЖАНОВА,**
**Сарқан политехникалық колледжінің әдіскері.**
**Сарқан қаласы, Алматы облысы.**

«Ел болам десең – бесігіңді түзе», «еліміздің ертеңі, өсіп-өркендеуі жарқын болашағы бар білімді жастарға байланысты» - деген дана адамдардың сөздері үйлесімін тауып тұр. Осы нақыл сөздерді жанына желеу еткен қазақстандық ұстаздар қауымы елімізде болып жатқан төтенше жағдайларға байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана отырып уақытша оқытуға, білім алушылар білім алуға көшті.

Жастардың сапалы білім алуы, таңдаған мамандықты дұрыс игеріп қоғамнан өз орнын табуы мемлекеттің болашағы үшін ең өзекті тақырыпқа айналған.

Бұл жағдай колледж әкімшілігі мен қызметкерлері, соның ішінде менің әдіскерлік жұмысыма біраз өзгерістер енгізді.

Бұрын соңды қашықтықтан оқыту технологиясының қолдану практикасының болмауы баршамызға біраз қиындықтар алып келгені белгілі.

Сол себепті менің әдіскер ретінде негізгі міндетім колледж өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушыларына қашықтықтан оқытудың әдістемелік негіздерін жылдам меңгеруге көмектесу болды.

Осыған орай әдістемелік қызметімді келесі бағыттарда жүзеге асырдым:

1. Ең алдымен қашықтықтан оқытудың әдістемелік негіздерін зерделеу. Бұл бағытта интернет желісінде ақпараттармен танысу. ҚР білім және ғылым министірінің қашықтықтан оқыту туралы ұсыныстарын зерттеп, келесі жұмыстарды іске асыру нәтижесінде педагогтарға арналған жадынама дайындалды.

2. Білім алушылармен тікелей онлайн байланысудың әдістерін меңгеру, бұл орайда педагогтардың ZOOM қосымша-

сын жылдам меңгеруін ұжымдық жиналыстар өткізу арқылы қол жеткіздік деп айтуға болады.

3. Колледж әкімшілігі оқытушылармен ақылдаса отырып «EduPage» - платформасын таңдап, қашықтықтан білім беруге қолдана бастадық.

Алғашында қиналған педагогтар бұл қосымшаны тез меңгеріп онлайн сабақтар өткізе алатын дәрежеге жетті.

«Edupage» платформасының контентіне әдістемелік сүйемелдеу жүргізу, платформаға салынатын оқу материалдарының жүйелі, реттелген, тиімді, әрі студенттердің қызығушылығын арттыратындай болуын қамтамасыз еттік.

Аталған жұмыстың нәтижелері колледждің ресми сайты арқылы жүзеге асырылады. Сайтта студенттермен педагогтарға арналған ұсынымдар әзірленіп топтастырылған, соның ішінде edupage, zoom, bandicam платформаларында жұмыс жасау нұсқаулығы.

Қашықтықтан оқыту бойынша педагогтарға арналган жадынама.

Мамандықтар бойынша іріктеліп алынған және жүйеленген онлайн ресурстар қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша іс-шаралар жоспары, сонымен қатар сайтта студенттерге психолог маманның көмегіне жүгінуге жағдай жасалған.

Ең алдымен техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің бейне сабақтар құрылымы бойынша әдістемелік ұсынымдарын қалыптастырдық, келесіде бейне сабақтарды түсіру үшін ZOOM, Bandicam бағдарламаларын пайдаландық.

Сондай-ақ сабақтарға смарт мақсат қою, қойылған мақсаттарға жету мүмкіндіктерін беретін оқу материалдары мен тапсырмаларды таңдау.

Заманауи әдіс-тәсілдер қолдану бағалау парақтарын құрастыру, өзін-өзі бағалау, критерий дискрипторларға көңіл бөлу, онлайн ресурстарға сілтемелер беру, кері байланысты жүзеге асыруға тырысу. Сонымен қатар ұжыммен маңызды мәселелерді уақытылы талқылау мақсатында онлайн байланыстар ұйымдастырып кері байланыс жасап отырамыз.

Осындай бағыттарда жұмыс жасау нәтижесінде біздің ұжымның мүшелері ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын шыңдап, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыра білді.

Елмен бірге көштен қалмай заман өзгерісіне төтеп бере алатындарын дәлелдеп бергендей.

Әрине, кедергілер жоқ емес бар, қазіргі уақытта аралық және қорытынды аттестаттауды қашықтықтан ұйымдастырудың әдістемесін зерделеп жатырмыз.

Жалпы алғанда Сарқан политехникалық колледжі ұжымы қашықтықтан оқытуды біздің жұмыс жолымызда кездескен кедергілер емес, керісінше, заман талабына сай ақпараттық технологияның тағы бір қыры мен сырын меңгергендеріне көңілдері толық, біз еңсермейтін қиындықтар жоқ деп нық айта алады.

Сонымен қатар, колледждің өзінің сайты бар. Осы сайтқа виртуалды әдістемелік кабинет парақшасына әдістемелік атқарылған жұмыстар толығымен тіркелген.

1. Негізгі бет
2. Нормативті құжаттар
3. Педагогтарға «edupage» платформасымен жұмыс жасау нұсқаулығы
4. Студенттерге «edupaid» платформасымен жұмыс жасау нұсқаулығы
5. ZOOM қосымшасын қолдану нұсқаулығы
6. Әдістемелік кеңес
7. ПЦК жұмысы
8. Жас мамандармен жұмыс
9. Озық тәжірибе тарату
10. Ғылыми әдістемелік жұмыс
11. Онлайн психологиялық көмек
12. Онлайн емтихандар ұйымдастыру жолдары
13. Онлайн-ресурстар
14. Бейне-сабақтар
15. Онлайн қабылдау комиссиясы

Осы парақша арқылы әдістемелік жұ-

мыс атқарылуда.Бұрын сонды оқытушылар сайттармен жұмыс істеу практикалары болмағанмен қазіргі кезде барлық оқытушылар осы сайтқа кіріп, өздеріне керекті құжаттарды алып, бір-бірімен тәжірибе алмасып отырады.

Өткізілген вебинарлар:

1. «Виртуалды әдістемелік парақшасын» қолдану жолдары
2. Видеосабақтарды түсіру әдістері мен тәртібі (Bandicam, ZOOM, т.б.) бағдарламалары.
3. Кері байланысты ұйымдастырудың тиімді жолдары мен әдіс тәсілдері.
4. Қашықтықтан оқытуда өндірістік оқыту сабақтарын ұйымдастыру жолдары.
5. Облыстық оқу-әдістемелік орталығының тапсырмаларын колледж оқытушыларына хабарлап оны орындау барысындағы нәтижелерді талқылау.

Осы уақытқа дейін бейне сабақтар түсіріліп колледждің Youtube каналына салынып, бүгінгі күнге облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының техникалық және кәсіптік білім бөліміне жіберілуде.

Сонымен қатар, Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының техникалық және кәсіптік білім бөлімі ұйымдастыруымен қашықтықтан оқыту мәселелеріне байланысты облыс, республика аумағында әр түрлі бағыттағы вебинар, семинар, конференциялар өткізіліп, бағыт-бағдар беріліп, оқытушылардың бірбірімен тәжірибе алмасуы да осы қашықтықтан оқыту технологиясы практикасын кеңейтуге көп көмегін тигізеді.

# Пути повышения качества образования в условиях дистанционного обучения

Качественным можно считать образование, если определенные достижения имеют не только обучающиеся, но и преподаватели как участники образовательного процесса.

**Повышение качества образования** – одна из основных задач, декларируемых Концепцией модернизации казахстанского образования.

В качестве **условий достижения** «нового современного качества профессионального образования» определены:

• введение в действие государственных образовательных стандартов и вариативного базисного модульного учебного плана;

• оптимизация учебной, психологической и физической нагрузки обучающихся;

• обеспечение дифференциации и индивидуализации обучения;

• использование нравственного потенциала искусства как средства духовного развития личности;

• усиление роли интегрированных дисциплин, обеспечивающих социализацию в трудовых коллективах предприятий;

• создание государственной системы оценки качества образования и др;

• использование медиаресурсов в образовательном процессе.

*Так что же такое* ***«Хорошее качество образования»?***

***Для обучающихся*** хорошее качество образования связано, в первую очередь:

• с хорошими знаниями по всем предметам;

• с возможностями в будущем достигнуть успехов в карьере, достигнуть цели, поставленной в жизни;

• с дополнительным знанием, обуче-

нием, пониманием профессиональных предметов;

• с глубокими прочными знаниями по профессиональным предметам;

• участие в профессиональных конкурсах профессионального мастерства.

***Для педагогов*** хорошее качество образования связано:

• с подготовкой обучающихся не только умственно, но и нравственно;

• с умением обучающихся самостоятельно мыслить, анализировать и самостоятельно работать над ситуационными задачами;

• с учреждением, которое учитывает индивидуальные особенности обучающихся, способности и потребности их; где педагог придерживаются гуманистического принципа воспитания, где есть творческие педагоги и мудрое руководство;

• с профессиональной позицией и самоощущением педагога, когда он четко представляет свои цели, знает, как их достичь и чувствует душевный комфорт.

**Как же повысить качество образования?**

Качество образовательного процесса синтезируется из следующих ***качеств***:

• качества образовательной программы;

• качества потенциала педагогического состава, задействованного в образовательном процессе;

• качества потенциала обучающихся;

• качества средств образовательного процесса (материально-технической базы учебного заведения);

• качества образовательных технологий и не последнюю роль играют дистанционные программы обучения;

• качества управления образовательными системами и процессами.

Пока разбирались в чём отличие, осваивали и определяли, как лучше использовать новые возможности, в колледжах появились новые интерактивные технические средства, использование которых в обучении представляется существенным шагом вперёд.

Использование интерактивных досок в классе способно преобразить формат преподавания и обучения, сделав учебный процесс более эффективным и привлекательным.

Однако важно понимать, что эффект от использования интерактивных технологий во многом зависит от самого преподавателя, от того, как он применяет те или иные функции доски.

Для современного похода в образовательном процессе мной используются современные дистанционные технологии в обучении такие, как Google Classroom, ZOOM, Team viewer, редакторы фото видео программ Movavi Team, Vivvideo, Shotvideo, что дает обучающемуся полномасштабно пользоваться информационными ресурсами для усвоения и приобретения нужных знаний.

***При использовании дистанционного обучения:***

• экономия драгоценного времени урока, которое педагог обычно тратит на наглядное объяснение материала;

• позволяет преподавателям объяснять новый материал из любого места, конечно при условии иметь гаджет и бесперебойный Интернет;

• создает определенную гибкость, позволяя преподавателям работать с любыми приложениями и веб-ресурсами;

• позволяет использовать различные стили обучения, преподаватели могут обращаться к всевозможным ресурсам, приспосабливаясь к определенным потребностям,

• возможности использование информационных компьютерных приложений и программ, как наглядного пособия качественно нового уровня с возможностями анимации и мультипликации позволяют повысить интерес обучающихся к рассматриваемому материалу.

***Возможности для учащихся:***

• предоставляет больше возможностей для индивидуального освоение данной темы, как в режиме онлайн, так и оффлайн;

• появляется возможность работать более творчески (можно исправить или переделать любой элемент демонстрационного материала), возрастает уверенность в себе;

• можно заранее или на уроке подготовить собственный материал.

Исследования показали, что работа в режиме дистанционного обучения это один из элементов работы с аудиторией в противовес традиционным форм обучения.

Из собственных наблюдений, мной был сделан вывод: В ходе обучения по системе дистанционного обучения на ZOOM-конференции обучающиеся рассказали, как они осваивают данный материал и какие трудности вызывают при изучении данной темы и системы в целом дистанционного обучения. Из 25 обучающихся на 82% освоение материала идет на хорошо и отлично, 10% испытывают трудности при изучении материала самостоятельно, и 8% затруднялись ответить на поставленные вопросы.

При проведении онлайн конференции в целом всем обучающимся нравится такая система обучения и единственно была критика – это не достаточно между участниками образовательного процесса социального общения.

Вывод: За 3 месяца обучения проведенных в режиме дистанционного обучения обучающиеся лучше научились работать с гаджетами, использовали нужные ресурсы и ссылки для более глубоко изучения темы если это требовалось, научились работать с редакторами виде и фотофайлов.

В целом работа дистанционного обучения удалась и можно участником образовательного процесса работать в таком режиме.

**Е.В. КРЮКОВ,**
**преподаватель специальных дисциплин Алматинского областного колледжа инновационных технологий в сфере сервиса и питания,**
**г. Алматы.**

# Бірлік бәрін де жеңеді



**Рита Бериковна БОЛАТБЕКОВА,**
**№32 Жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Алматы қаласы.**

Әлемді әбігерге салған короновирус індеті адамзаттың басым бөлігін өз үйіне, төрт қабырға арасына телміртті. Әрине, күтпеген жағдаймен күрес оңай болып жатқан жоқ. Еліміз абдырап, халқымыз үрей мен қорқыныштың үстінде қалды. Бірақ бұл қиындықтармен еліміз жан-жақты күресуде.

Елбасымыздың бұл орайда «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» деген қанатты сөзі – біздің айнымас қағидамызға айналды. «Біз біргеміз» акциясы ұйымдастырылып қиындықтан шығу жолдары қарастырылды. Осылайша біртіндеп, береке мен бірлік, ақыл мен парасат халқымызды қалыпты өмірге алып келді. Әсіресе, ақ халаты абзал жандардың жан аямас ерен еңбектері мақтауға тұрарлық. Сонымен бірге тыныштығымыз бен қауіпсіздігімізді сақтаған әскерилер, ішкі істер қызметкерлеріне ризашылығымыз шексіз. Қарттар мен көп балалы отбасылар және жағдайы төмен адамдарға қол ұшын созған еріктілердің істерін де ұмытуға болмайды.

Біздің Түрксіб ауданы №32 Жалпы білім беретін мектепте 130 ұстаз жұмыс атқарады, ұжымды білгір, әрі тәжірибелі Хасенова Айда Рашидқызы басқарады. Ол қиын кезеңді біз де халықтың бір бөлшегі ретінде көтереміз деп ұжымды бірлікке,

шыдамдылыққа, сабырлыққа ұйыта білді.

Ұстаздар қауымы 2500 оқушыны қашықтан оқытып, жан аямай еңбек етіп жатыр. Сынып жетекшілері үйден оқитын баланы да сыртта қалдырмай, әрбір ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болды. «Ұстаз мектептің жүрегі» - демекші, балаларға жан жылуын сыйладық. Тапсырмаларды қиыннан оңайға қарай жеңілдетілген түрде бердік. Мектебіміздің ұжымы осы орайда, «қайырымдылық» іс-шарасын да шетте қалдырмады. Жартылай қамқорлықтағы балаларға, көп балалы отбасыларға, уақытша компьютер мен мобильдік желіге қосылу үшін тегін модем таратылып берілді. Сонымен қатар, осындай отбасылар киім-кешек пен азық-түлікпен де қамтамасыз етілді. Осылайша, «көппен көрген ұлы тойда» «Біз біргеміз, біз үйдеміз» деп тәртіп пен заңды қатал сақтап денсаулығымызды қорғап отырмыз. Қашанда «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, карантин кезіндегі біздерді шынында тек бірлігіміз ғана сақтап қалды. Ұжымдастарымызға қиын кезенде барлық істе қол созғандары үшін ата-аналар қауымы алғыс айтуда.

# Қашықтықтан оқыту – уақыт талабы



**Меруерт Еркінқызы КАППАСОВА,**
**№79 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Нұр-Сұлтан қаласы.**

«Басқадан кем болмас үшін бізге білімді, һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектің жолында жұмыс істеу керек» деп әдебиет зерттеушісі, ғалым, түркітанушы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай біз де қашықтықтан оқыту барысын естігенімізде тосырқамай жақсы қабылдадық. Қашықтықтан оқыту көп жылдан бері оқу орындарында дәстүрлі түрде өз орнын тауып келген оқытудың бір түрі екендігі бәрімізге мәлім. Дегенмен, қазіргі таңда әлемде болып жатқан індеттің таралуына байланысты бұл оқыту түрінің маңыздылығы арта түсті. Себебі еліміздегі мектептер COVID-19-дың таралуы қаупіне байланысты өз жұмыстарын тоқтатып, оқушыларды қашықтықтан оқытуға кірісті. Ал қашықтықтан оқыту босаңсуға жол бермейді, өйткені қазіргі заманғы технологиялар оқу үрдісінің барлық кезеңдерін қашықтық форматқа көшіруге толығымен мүмкіндік береді. Яғни, қашықтықтан оқыту карантин жағдайында оқу үрдісін жалғастыруға мүмкіншілік тудырып отыр.

Мұғалімдер қауымы жаңашылдықтан қашпайтын, біліммен қаруланған мамандық иесі екені айтпаса да түсінікті. Өйткені қандай жағдайда болмасақ та оқушыларды оқытуды өз парызымыз санадық. Сондықтан да қазіргі таңда қашықтықтан оқытуды жалғастырудамыз. Тоқсан басталғанда ата-аналар да түсінбеушілік танытса, қазір жұмыс бір жүйеге түскен. Ұстаздар қауымы да әртүрлі платформалармен сабақтарын жүргізуде.

Ұстаз еңбегін бағалап, қиын жолын байқаған ата-аналар тарапынан алғыс та көп. Сол алғысты естігенде ұстаз мәртебесінің асқақтайтыны айтпаса да түсінікті.

Қорыта айтқанда, егемен еліміздің жарқын болашағы үшін жас ұрпақты тәрбиелеп, үлкен өмірге бастап, олардың бойына адамгершілік, Отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді ұялатып жүрген әрбір ұстаздың мәртебесі биік, абыройы асқақ бола бермек.

# Қазіргі білім беруде тәрбие технологиясының ұтымдылығы



**Гулнора Джарилкасимовна ДЖИЛХАЙДАРОВА, Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжінің «Педагогика, психология және жаратылыстану» кафедрасының оқытушысы. Жетісай қаласы, Түркістан облысы.**

Оқыту дамуда тек қана жуық арада болатын салдар ғана емес, алыс болашақта болатын салдарға ие болады, оқыту тек қана дамудың соңынан ғана, онымен қатарласа жүріп отыра алады, ол дамудың алдына түсіп, оны ары қарай итермелеп, онда жаңа қасиеттер туғызып жүре алады.

Тәрбие процесінің барлық кезеңінде белгілі бір сапалар қалыптасады, бірақ әр жеке сыныпта тәрбие әдісі өзгеріп отыруы тиіс.

Тәрбиелеудің жалпы сипаттамасы адамды оқыту мен тәрбиелеу арасындағы байланыс – педагогикалық психологиялық проблемасын қарастыру барысында:

а) дамытудың өзі күрделі инволюциялық-эволюциялық алға жылжушы қозғалыс болып табылады, оның жүру барысында адамда интеллектуалдық, тұлғалық, мінез-құлықтық, әрекеттік өзгерістер жүреді.



б) дамыту, әсіресе тұлғалық бағыт қарқындылығы, сипаты мен сапасы бойынша ғана өзгеріп отырады.

Қазіргі тәрбие технологиясы комплексті бағыт мәселесін шеше отырып, мынадай талаптарды орындайды:

1. Тәрбиеленушілерге үш бағытта, яғни санасына, сезіміне және қылықтарына әсер ету.

Тәрбие және өзіндік тәрбие бірігуі арқылы дұрыс нәтижеге қол жеткізу.

Тәрбиеге қатысты барлық факторлардың бірлігі мен реттелуі тәрбиеге комплексті түрде қараудың кезек күттірмес шарты.

Тұлғада берілген қасиеттер тәрбие істерінің жүйесі арқылы қалыптасады. Бұл істер бір арнаға бағытталып, процестегі ой, дене, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбие міндеттерінің бір мезетте орындалуын талап ететін нақты комплексті сипатта болуы қажет.

Тәрбие процесі үздіксіз жалғасатын тәрбие ісінен тұрады. Тәрбие ісі ұжымдық және шығармашылық сипатта болатындықтан ұжымдық тәрбие істері деп аталады. Тәрбие ісінде тәрбиеші мен оқушылардың өзара әрекеттерінің формасы, құралы және тәсілдері үйлесіп келеді.

Тәрбие ісі өз құрамында адамгершілік, эстетикалық, саяси, ақыл-ой әсерлерін топтастырады. Іс-әрекеттік тұрғыдан істің қорытындылау кезеңі ұжымдық талқылау мен жеке педагогикалық сарапқа бағытталады. Қойылатын мақсат – жетістік пен кемшіліктердің себептерін анықтау.

Тәртіп негізінде ғана әлеуметтік қатынасты ұғуға болады. Тәртіптілік әр адамның қоғам нормалары мен қылық ережелерін саналы орындау әрекеттерінде көрінеді.

Саналы тәртіпті үйретудің негізгі жолы – тәрбие істерін ұйымдастыру.

Бұл жұмыстың мақсаты – оқушылардың мінез-құлық ережесін, күн тәртібі талаптарын сақтауын, өмірлік іс-әрекеттер тәртібін орындауға үйрету. Сол үшін әрбір оқу орнында мінез-құлық ережелері белгіленеді. Ал бұл ережелер бір жағынан – қоғамдық моралъ принциптерін танытса,



екінші жағынан – сол оқу орнының жұмыс ерекшелігін білдіреді.

Қазіргі мектепте адамгершілік тәрбиесінің мазмұны жалпы адам құндылығын жоғарылату қажеттігінен көптеген өзгерістерге бет бұрды. Осыдан әрбір оқушыға төмендегі проблемалардың маңыздылығын түсіндіру лазым: 1) адамға ең қымбат – өмір; 2) балалар-өмір жалғасы; 3) тәртіптілікпен байланысқан еркіндік; 4) отансүйгіштігі (патриотизм); 5) ұлтжандылық; 6) интернационализм; 7) борыш, ар, намыс, ождан, тәртіп сақтау, кішіпейілдік және т.б.

Қазіргі тәрбие жүйесіндегі ең маңызды да көкейтесті проблемалар – бұл оқушылардың жыныстық тәрбиесі және еңбекке қатынасы.

Тәрбие ісінің этикалық бағыттағы құрылымына педагог адам моралі туралы мәліметтер ендіреді. Мораль – адам санасының формасы және адамзат мәдениетінің бөлігі. Мораль принциптерін, нормасы мен мәнін түсінуден тәрбиеленушілер өздерінің және басқа адамдардың құлықтарын дұрыс бағалауға үйренеді. Адамгершілік жағынан тұрақталған тұлға моральдық нормалардың шындығына сенімді болады, оларды орындау қажеттілігін мойындайды. Бірақ, адамгершілік нормаларды білу, түсіну наным-сенімдер бекуін өзінше қамтамасыз ете алмайды, тек – олардың қалыптасуына қажетті алғышарттар ғана болып есептеледі.

Тұлғаның адамгершілік қажеттігін қалыптастыру – оның түйсік жүйесіне моральдық нормалар мен принциптерді қабылдату процесі.

Адамгершілікті қажеттіктің көмегімен ізгілікті мораль негізі – еркін таңдау мүмкіндігі туады. Адамның еркін таңдау мүмкіндігін дамытудан этикалы тәрбиелік іс функциясы орындалады. Әдет-қылықтар жүйесі адамгершілік әдеттерді қалыптастырады. Әдеттерден адамгершілік қылықтарды қалау тұрақты қажеттілікке айналады. Адамгершілік тәрбие процесі адам үшін «күреске» айналмауы тиіс. Тәрбие «күрес» емес, күнделікті күрделі жұмыстан тұратын ұзақ маңдай тер ісі.

Тұлғаның ізгілікті қасиеттері өмір қажетінсіз қалыптаспайды.

Тұлғаны жақсылық жасауға ынталандыратын жағдайлар туындату қажет.

Бірнеше әдетті қатар бір мезетте дамытуға болмайды, оқушының жаңа нормалар мен ережелерді қабылдауға дайындығын ескерген жөн: жаман қылықтары болса, одан арылуы тиіс, олардың жақсы не келеңсіз екенін түсіндіру қажет.

Мораль арқылы жаман әдеттерді айыра білу: өте қатты сөйлеу, басқалар сөзін бөлу және тыңдамау, тырнақ тістелу, қол сілтеу т.б.

Эстетикалық және дене шынықтыру тәрбие істері. Эстетикалық істер – арнайы бағыттағы тәрбие жұмыстарының жалпы атауы, мақсаты – өмірге эстетикалық қатынасқа баулу: еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз қылығына деген қатынасты таныту. Бұл тәрбиенің басты міндеті-эстетикалық түсінік, баға, талғы, қажеттік, таңдау және қабілет дамыту.

Дәстүрлі емес сабақ түрлерін жаңа сабақ ретінде ұсынып жүрген авторлар сабақты оқу жұмысын ұйымдастырудың басқа формаларымен (экскурсия, конференция, семинар, консультация, т.б.) шатастырады. Бұлар оқу жұмысын ұйымдастырудың қосымша формаларына жатады, сондықтан оларды сабақтан өзгеше қарау дұрыс.

**Әдебиеттер:**

1. Болдырев Н. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы, 1987.

2. А.С. Макаренко. Тәрбие туралы лекциялары. – Алматы, 1968.

3. В.А. Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976.

4. Ж.Қоянбаев, Р. Қоянбаев. Педагогика. – Астана, 1998.

5. Т. Сабыров. Балаларға ақыл-ой тәрбиесін берудің кейбір мәселелері. – Алматы, 1977.

# БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ЖОБАСЫ АРҚЫЛЫ СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ



**Акмарал Шайкеновна КУСБЕКОВА,**
**п.ғ.м., «Бесқарағай колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің биология пәні оқытушысы.**
**Семей қаласы, Шығыс Қазақстан облысы.**

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден оқыту барысын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан XXI ғасырдың әр мұғалімі ізденіс үстіндегі ғалым педагог болуы тиіс.

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертең жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне, өмірлік мүдде дағдыларына байланысты.

Биология пәнінің басқа пәндерден ерекшелігі осы пән арқылы жас ұрпақ тіршілік иелерінің небір тылсым дүниелерін танып біледі. Табиғатты сүюді, қастерлеуді үйрене отырып, өз бойына адамгершілік қасиеттер ұялатады.

Балаларды оқыту мен ойын дамытуындағы арақатынасы – осы кездегі проблемалардың ең маңыздыларының бірі.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері биология пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Тірі организмдердің құрамын, құрылымын зерделей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- зертханалық тәжірибелер;
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);
- Интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану – сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Осы ретте мына мәселелерге баса назар аударғым келеді.

1. Мұғалім сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап өз кемшілігін іздеуге әрекет жасау керек.

2. Білім мен тәрбие беруде жариялылық, педагогикалық, ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпыну қажет.

3. Мұғалім күнделікті әр сабағына шығармашылықпен дайындалуы керек. Өйткені, сабақ – мұғалімнің өнері, шығармасы. Сондықтан әр сабақты тиімді ұйымдастыруда оқушыны жалықтырмайтын,

қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етуміз керек деп ойлаймыз.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы стратегияларды пайдалануда оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға жол ашады. Оқушы жүрегіне жол тауып, оның білімге деген құштарлығын арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуін ғылыми деңгейде ұйымдастыру үшін, әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере білім алуға қабілетін зерттей отырып, тұлғалық негізінің ашылуына жол ашатын ұстаз. Ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсірерде де қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірген сызбаларды талқылап жатқанда сөйлейтін оқушы да топ мүшелерінің аргументтерін жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойланып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі. Ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйретеді. Оқушылардың жазған пікірі басқа оқушылардың пікірін тыңдап толықтырып, топта сызба ретінде түсіргенде ойындағы негізгі қажеттігін жазады.

Эссе – өз ойын білдіру, ішкі жан дүниесін ұғу, күнделікті өмірде туындайтын ойларды айту мен эссе жаздыруға көп көңіл бөліп, өсімдіктану сабақтарымен интегративті қолдануға мүмкіндік жасайды. Бұл жерде оқушыларға «Тамырдың маңызы», «Өсімдік пайдасы», «Гүлді өсімдіктер» тақырыптарында үйге эссе жазып келуге тапсырма беруге болады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізіндегі сабақ процесінде мұғалім мына нәтижеге жетеді.

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
- оқушыны басқа жақтарынан таниды;
- өзін жетекші бағыттаушы ретінде таниды;
- өзі білмейтін ақпараттарға тап болады;
- оқушының жұмысын бағалайды.

Осы міндеттерді орындауды ұстаз өзінің тақырыбы мен сабақ үрдісінде стратегияларды ұтымды пайдаланып, оқушылар арасында жеке, топтық іс әрекеттерді ұйымдастырады.

«Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» стратегияларын сабақта пайдалана отырып өткізу барысында мынадай қорытындыға келуге болады:

- оқушы мен мұғалімнің кең дәрежеде сыйласуына;
- оқушыларға өз пікірін айта білуіне;
- оқыту процесіне барлық оқушыларды қамтуға;
- шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасайды.

Ең басты сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына оң нәтижесін беретін жоба. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ процесінде пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алуға болады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық, ізденіс, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Биология пәні бойынша сабақтарда «кубизм», «тірек-сызба», «Венн диаграммасы» «тірек – сөздер», «сократ», «тоқыма» және т.б. Сол мақсатта оқушыларды түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру тиімді; Мысалы, биология сабағында үй тапсырмасын немесе пысықтау кезінде тірек-сызба, кесте арқылы пайдалану тиімді.

Ол соңғы жылдары ғылымның ғарыштауы төтенше шапшаң жүзеге асып, өсімдік және жануарлар әлемінің объектісі туралы білім шеңбері барған сайын кең өріс ала түскендіктен ерекше актуалды мәселе болып отыр. Сондықтан мектептің алдында тұрған өте маңызды міндеттің бірі оқытуды ұйымдастыру болып табылады,

онда оқушылардың мектепте оқып жүргенде ғана емес, оны бітіргеннен кейін де ақыл-ой жетілдіріп, білімді өздігінен игеруіне мүмкіндік туады.

Биологияның басқа оқу пәндерінен ерекшелігі, ол қарапайымнан күрделіге өту жолын байқап отыруға, бөлек пен бүтіннің құрылысы мен қызметінің өзара байланыстылығы және өзара тәуелділігін айқындауға, табиғатты құбылыстардың аса күрделі байланыстылық себептерін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында әрбір сабақта қолданылатын оқытудың жаңа формалары мен технологиялары оқушылардың пәнге қызығушылығын, ізденімпаздығын байқау, қабілеттерін жетілдіруге, білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Жаңа технологияларды оқытудағы негізгі мақсат – баланың ашылмаған қабілетін ашу, дамыта оқыту белсенділігін арттыру, өзіне деген сезімін арттыру, ізденділіру, қосымша пәнге деген қызығушылығын арттыру. Оқушылардың қызығушылығын арттыруда, биология сабақтарын оқыту процесінде пайдаланатын әдістердің бірі – қосымша материалдарды жүйелі түрде пайдаланып отыру.

Дәстүрлі емес әдістері, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне байланысты қысқа да қызықты ойындар оқушыларды пәнге қызықтыра түседі.Оқушылардың сабақта алған білімін жетілдіруде, ұлттық мұралық өнерімізді насихаттауда, табиғатты терең танып білуде қосымша білім беруде, өздігінен іздену негізінде өткізілетін көптеген ойын тәсілдерінің, ертеңгіліктердің алатын орны ерекше.

Миға шабуыл стратегиясы – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандай да бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Бұл әдіс жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды әдістердің бірі. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандартты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Миға шабуыл стратегиясының қағидасы қиын емес. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс-тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы: - Ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды. – Жұмыс пікірдің сапасына емес санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады). – Барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы. – Белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

Биология ғылымының өмірде алатын орны ерекше. Сондықтан да биологиядан терең білім алып, толықтай игеріп, оқулықпен қатар оның әдістемелік кешенін пайдалану мен дамытудың рөлі зор.

Мектептегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол – оқыту процесіне жаңа технологияларды кеңінен енгізу. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдістәсілдерді оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Биология Р. Сәтімбеков. Дидактикалық материалдар. – Алматы «Мектеп» 2015;

2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1991;

3. Занков Л.В. Беседы с учителями. Изд.2-ое. – М., 1975;

4. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құралдар. №1, 2, 3, 4. 1998;

5. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы. 1. Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру» - атты жолдауында еліміздің мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарасын ортаға салды;

6. Елбасы биылғы 10 қаңтар 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы 7-бөлімінде «Адами капитал – Жаңғыру негізі» адами капитал – білім саласын дамыту негізі ретінде анықтады;

7. Чичулин А.А. Социальная психология / А.А. Чичулин. – Новосибирск: Наука, 2002;

8. Возрастной и педагогической психологии //Мотивация личности. Под ред. А.Н. Леонтьева. – М., 1992. - 119 с.;

9. Кокурина И.Г. Социально-психологические аспекты мотивации трудовой деятельности. – М.: МГУ, 2005. - 14 с.;

10. Маркова А.К. Модель специалиста основа подготовки психолога для сферы социальной работы. Всероссийский научно-метод. Конф. – М., 1987.

# Математика және табиғат

Математика қазіргі уақытта ғылыми элитаның сабақтары ғана емес, оған қоса математикамен айналысатын дарынды адамдардың көп бөлігін өзіне тартуда. Математикалық зерттеу аясы кеңейді. Математикалық әдістердің қосымшалары математиканың шеңберінен тыс: физикаға, техниканың жаңа салаларына, биологияға, экономикаға, экологияға және басқа да әлеуметтік ғылымдарға; заңгер немесе менеджер, инженер немесе орманшының жұмысы қатаң математикалық логикасыз мүмкін емес болып табылады. Ақпараттық-компьютерлік технологиялар математиканың өзі үшін де, онымен тікелей байланысты барлық ғылымдар үшін де аса зор маңызы бар ғылыми зерттеулердің жаңа салаларының пайда болуына ықпал етті.

Қазіргі заманауи ақпараттық қоғамда математикалық ойлаудың стилін қалыптастыру өзекті болып отыр. Қазіргі әлемде өзін сенімді сезіну үшін адам туындаған проблеманы талдай білуі, оның барлық аспектілерін ескеруі және дұрыс таңдау жасай алуы тиіс. Математикамен айналысу тек мақсат емес, теорияны тереңдетіп оқыту құралы, қоршаған болмысты ұғынуға, әлемді түсінуге негізгі жол салады.

Қазіргі экология, қоршаған орта кімді болса да алаңдататыны сөзсіз, мені де бұл мәселе алаңдатады. Мен бұл мәселені неғұрлым егжей-тегжейлі қарастырғым келді. Орман шаруашылығын дамытудың әр түрлі кезеңдерін қарастыру; орманмен, оның мекендеушілерімен, математика сабағында экологиямен байланысты жұмбақтар шешу, ребустарды табу. Бұл мәселені зерттеу барысында басқалардың күнделікті өмірде математиканы қолдана білу қажеттілігіне көз жеткізгіміз келді.

Республиканың флорасы жоғары сатыдағы өсімдіктердің 6000-нан астам түрлерін қамтиды, соның ішінде 90%-ға жуығы орман қоры болып есеп-

теледі. Әсіресе, тек Қазақстан жерінде ғана кездесетін ағаш түрлері (мысалы, Шренк шыршасы) өте бағалы. Республиканың 60%-ға жуық жері өсімдік жамылғысымен қамтылған. Қазақстан жерінің орманды алқабы шамамен 3,8%-дай болса, кейбір облыстарда (Ақтөбе, Жезқазған және т.б.) бұл көрсеткіш 0,1%, ал Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында 14%-ке, кейде одан да жоғары болады. Орман қорының ауданы – 24,3 млн. га. Оның ішінде бұл жерлердің 50%-нан астамы ауылшаруашылық кәсіпорындарының қолдануына берілген. Республикада жыл сайын 506 мың $м^2$ ағаш сүрегі, 94 мың $м^2$ кеспе ағаш материалдары, 170-тей дәрі-дәрмектің шикізаты дайындалады. Дегенмен, соңғы кезде ормандардағы ағаштарды жаппай кесу, өрт, ауа-райының қолайсыз жағдайлары (қатты жел соғу, ұзақ уақыт жауған нөсер, жаңбыр, т.б.) ағаштардың құлап, өз тіршілігін жоюы жиі кездеседі. Соның нәтижесінде орман алқаптары азаюда. Орман-ағаштардың, топырақтың және климаттың бірлестігі. Орман – адам үшін тіршілік ортасы болып табылады.

Ғылымды зерттейтін пәндер тізімі ұлғайды. Математика нақты объектілердің формаларын бақылау, есептеу операциялары, өлшеу және сипаттау негізінде қалыптасты.

Галилейдің айтуы бойынша: «Табиғат математика тілімен сөйлейді: бұл тілдің әріптері – шеңбер, үшбұрыштар және өзге де математикалық фигуралар». Ендеше, табиғат математиканың барлық заңдарына бағынатынына көз жеткізейік.

Табиғатта ең бірінші көзге түсетін нәрсе – симметрияның кездесуі. Зерттелетін дененің симметриясын көру, білу оңай. Ол үшін айнаны алып, оны зерттелетін объектінің ортасына салу қажет. Егер заттың бір бөлігі айнаның шағылыспайтын күңгірт жағында болса, онда объект симметриялы (айналы симметрия).

Гүлдер арасында айналмалы симметрия бар. Көптеген гүлдер айналмалы қасиетке ие: гүл әрбір жапырақшаның көрші қалпын алатындай айналғанда, гүл өз-өзімен үйлесімге келеді.

Кеңістікте бұрандалы (винтовая) симметрияға ие денелер бар. Бұрандалы симметрия өсімдіктердің көптеген сабақтарында, жапырақтардың орналасуында байқалады. Сабақтар бұрандалы орналаса отырып, жапырақтар барлық жаққа шашырап, бір-бірін жарықтан қорғайды.

Қазіргі әлемдегі геометриялық фигураларға көп назар аударылады. Мысалы, ара ұялары ең танымал алтыбұрыш, ал шырша бүршіктері цилиндрлік пішіндес, күнбағыс тұқымы спираль бойынша орналасқан.

Математиканың одан әрі дамуы табиғаттың күрделі бағыттарын қамтиды. Зерттеудің әр түрлі жолдары – математикалық, физикалық, биологиялық зерттеулер ерте ме, кеш пе өз арасында қиылысады. Бір сөзбен айтқанда, математика – табиғаттың тілі. Қызықты фактілер, математикалық тапсырмалар біздің табиғатымыз оқырмандар үшін де, ең кішкентай балалар үшін де қызықты. Солардың кейбірін мысал ретінде қарастырамыз.

Біздің ормандарымыз әдемі, онда қайың көп тараған өсімдіктердің бірі. Қайың ағашы жұқа, ақ, ашық бұтақтардан және жеңіл жел жапырақтардан тұрады. Біздің әрқайсысымыз қандай да бір ағаштың сұлулығына тамсанатын болсақ, бізді оның жасы қызықтыратыны сөзсіз. Ағаштың жасын оны кеспей қалай білуге болады? Мен сізге

ағаш жасын анықтаудың бірнеше жолын қарастыруды және практикалық жұмысты жасауды ұсынамын. Ағаштар өте ұзақ өмір сүре алады. Кейде ағаштың өмір сүру ұзақтығы бірнеше жүз, кейде мың жылға жетеді. Ағаш отырғызу күні белгісіз болса, оның жасын қалай анықтауға болады? Ағаштың жасын бірнеше жолмен анықтай аламыз. Оларды анықтау тәсілдері шартты түрде екі топқа бөлінеді.

Ағаштың жасын анықтау тәсілдері:

1. Деструктивті емес – бұл ағаштың жасын оған зақым келтірмей, оны жоймай анықтауға мүмкіндік беретін тәсіл. Мұнда бұтақтарын (мутовкаларды) есептеу, діңнің диаметрін өлшеу;

2. Деструктивті – анықтау үшін ағаш кесу немесе діңнің тұтастығын бұзу керек болады деп болжайды. Ағаштың жасын сақиналар арқылы анықтауға болады, сондай-ақ ағаштың дінінің диаметрі бойынша жасын анықтауға болады.

Ағаштың жасын анықтаудың тәсілі негізі қылқанжапырақты ағаштар үшін қолайлы.

Әдістің мәні неде? Қылқан жапырақты ағаштар өмірдің әр жылы жаңа бұтақтар (мутовкаларды) құрайды, сәйкесінше бұтақтарды санай отырып, біз ағаштардың шамамен неше жаста екенін анықтай аламыз.

1. Адамның кеуде деңгейінен жоғары болатын мутовкаларды санап және оған бірді қосу керек;

2. Ағаштағы барлық мутовкаларды санау керек және алынған санға ағаш типі бойынша мына коэффициенттерді: қарағай жасын өлшесе – 3, шырша жасын анықтаса – 4, майқарағайдың жасын анықтаса – 5, егер самырсын туралы сөз болса – 10 сандарын қосу керек. Әртүрлі сандарды қосатын себебіміз, әр түрлі қылқан жапырақтылардың мутовкалары әр түрлі жаста пайда болады. Мысалы, қарағайда 3 жылда бір рет пайда болады.

Бұл әдіс қарапайым болғанымен дәл нәтиже бермейді. Бұл тәсіл арқылы ағашқа зиян келмейді.

Ағаштың жасын зиян келтірмей анықтаудың тағы бір жолы бар.

Ағаштың жасын діңінің диаметрі бойынша анықтау мынадай тәсілмен жүргізіледі:

- рулетканың көмегімен оқпанның қалыңдығын өлшеу. Жерден кем дегенде бір метр деңгейде өлшеу керек;

- бұдан әрі діңнің диаметрін есептеу қажет (мұнда математикалық танымсыз болмайды, діңнің қалыңдығын 3,14-ке бөлу қажет);

- соңғы кезең – сіз есептеп шығарған діңнің диаметрін осы ағаш тұқымының жылдық орташа өсіміне бөлу керек. Ағаштың өсуі климат жағдайына, ағаштың өсіп тұрған жері сияқты көптеген факторларға байланысты екенін ескеру керек. Себебі, алынған нәтижені шамамен ғана бағалауға болады.

Ағаштың жасын сақина бойынша анықтаймыз. Бұл ағаштың жасын анықтаудың ең көп таралған және сенімді әдістерінің бірі. Бірақ ол кесілген ағаштың жасын анықтау қажет болғанда ғана жарамды, өйткені, кесу бойынша діңнің жасы анықталады. Ол үшін ағаш діңінің арқалығында бар сақиналарды есептеу қажет. Бұл сақиналар жыл сайын пайда болады, сондықтан олар сақиналар саны ағаштың жасына сәйкес жылдық сақиналар деп аталады. Ағаштың жасын, тіпті ағаш жоқ болса да, одан қалған түбірі бойынша да анықтауға болады. Санауды центрден бастау және шетіне жылжу қажет. Сіз тек ашық түсті (көктемде пайда болған) немесе қара түсті

сақиналарды (жазда пайда болған) ғана санауыңыз керек. Ағаш қоршаған ортаның қолайсыз факторларына әсер еткен кезде бірнеше жыл сақиналар құрмауы мүмкін, сондықтан есептеу нәтижесі де шамамен болады.

Орман – бұл жерді безендіру объектісі ғана емес, табиғаттың ең құнды қазынасы болып табылатынын ұмытпауымыз қажет.

Біз ормандарды сақтау үшін не істей аламыз?

Оқулықтарға ұқыпты қарау, орманда табиғат аясында қоқысты тастамау. Екінші қайта өңдеу үшін макулатура жинау және тапсыру. Сарапшылардың есептеуінше, бір тонна макулатураны қайта өңдеу 10 ағашты құтқарады, сонымен қатар 30 адамға жеткілікті иондалған оттегіні үнемдейді, сондай-ақ 1700 кг $CO_2$ шығарылуын алдын алады. Демек, станция жұмысының басынан бастап бір ғана қағазды қайта өңдеуде 6 750 ересек қарағай құтқарылды, 20 мың адам үшін жеткілікті оттегі жанған жоқ және 1150 тонна $CO_2$ шығарындысының алдын алды.

Бұл мәселені шешуде әр адамның тәрбиелілігі үлкен рөл атқарады. Дәл осы мақсатта мен экологиялық міндеттерді қарауды ұсынамын. Математика – экологиямен байланысты пәндердің бірі және бұл екі ғылым тығыз байланысып келеді. Математиканың экологиялануы уақыт пен кеңістікте адам білімінің даму үрдісін бақылауға мүмкіндік береді.

Біздің табиғатқа ұқыпты қараумен байланысты тақырыптарға есептер ұсынамын.

1) Әлемде жыл сайын 1600 млн.$м^3$ ағаш өндіріледі, барлық сүректің шамамен 20% отынға барады. Қанша текше метр ағаш жыл сайын жағылады?

2) Қоршаған ортаны қорғау тәсілдерінің бірі-жоғары құбырларды салу арқылы зиянды заттарды тарату. 100 м биіктіктегі түтін құбыры 20 м радиуста зиянды заттарды таратуға мүмкіндік беретіні белгілі. Егер құбырдың биіктігі а) 50 м, б) 80 м болса, заттардың таралу радиусын анықтау;

3) 20 кг макулатура бір ірі ағашты, ал 1 тонна макулатура орташа жастағы 0.5 га орманды сақтайды. 20 т, 50 т, 100 т макулатура жинау арқылы сақтауға болатын орман санын анықтаңыз.

Қорытындылай келе, жұмыс басында мен математиканың экологиялық мәселелерді шешуге көмектесе алатындығын анықтағым келді. Демек, ол мүмкін. Математикалық есептеулер негізінде адамдар табиғатқа қандай пайда немесе зиян келтіретіні туралы қорытынды жасай алады. Болашақ ұрпақ үшін, еліміздің болашағы үшін қоршаған ортаны сақтайық!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. К. Ванов «Математика» 5-класс;
2. Ш. Каирбаева «Естественные и математические науки в современном мире»;
3. Е. Бурмистрова «Использование экологических задач на уроках математики»;
4. Интернет-ресурстар.

**Ж. НУРГАЛИЕВА,**
**«Бесқарағай колледжі»**
**КММ математика пәні мұғалімі.**
**Бесқарағай ауданы,**
**Шығыс Қазақстан облысы.**

# Дене тәрбиесінің негізгі мақсаттары мен қағидаттары



**Азамат Далелханович БАЕЛОВ,**
**МКҚМ «Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжі» дене шынықтыру пәні мұғалімі.**
**Алматы қаласы.**

**Дене тәрбиесі** теориясында әр түрлі ұғымдар, түсініктер бар: дене дамуы, дене әзірлігі, дене жетілуі, дене тәрбиесі, дене машықтығы, дене тәрбиесі білімі, дене жаттығулары, спорт, дене тәрбиесі мәдениеті т.б. қолданылатын әр түрлі құбылыстарды көрсете отырып, олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Қазіргі кезде қолданылып жүрген ұғымдар қоғамның тарихи дамуының әр кезеңінде пайда болған. Олардың мазмұны дене тәрбиесі жөніндегі ғылымының және оның тәжірибе жүзінде жүзеге асырылуының дамуына қарай тереңдеп нақтыланып келеді. Адамның түсінігі тек қоғамдық тәжірибе негізінде ғана қалыптасады. Адамзат тәжірибелерінің нәтижелері тіл формасында бекіп, қоғамдық мәнге ие болады. Ендеше, дене тәрбиесі теориясында жиі қолданылатын ұғымдарға, түсініктерге тоқталып өтейік.

**Колледждегі дене тәрбиесі** – жалпы педагогикалық жүйенің басты бөлшектерінің бірі. Бұл тек колледж қабырғасында жүргізілетін жұмыстармен, дене тәрбиесі сабақтарында, дәрістерде шектелетіндігі айқын.

**Білім алушылар тәрбиесі** – колледжде, колледжден тыс жерлерде кәмелет жасындағы балалармен жүргізілетін әртүрлі жұмыстар.

**Дене дамуы** – адам организмі формаларымен қызметінің индивидуальды өмір барысындағы өзгеру процесі.

Колледж ұйымдарында дене тәрбиесін жоспарлау мен есепке алу:

**- Апталық жоспар;**

**- Айлық жоспар немесе әр тоқсанға арналған жоспар;**

**- Жылдық жоспар.**

Осы жоспарлар негізінде тақырыпқа байланысты дене шынықтыру сабағының жоспар – конспектісі міндетті түрде болуы керек. Сабақ жоспарын құрудың бірнеше нұсқасы қолданылып жүр.

Дәстүрлі нұсқа. Сабақ атауы. Тақырыбы. Топ. Өткізілетін күні. Өткізілетін уақыты. Өткізілетін орны.

**Құрал-жабдықтар:** (ойыншықтар, атрибуттар, дене шынықтыру құралдары).

Қолданылатын әдіс-тәсілдер, оқыту технологиялары, сабақтың мақсат міндеттері.

**Сабақтың барысы:**

Кіріспе бөлім; Негізгі бөлім; Қорытынды бөліммен шектеліп келеді.

**Жылдық жоспарлау** – бұл белгілі бір уақыт аралығында қандай құралдарымен, әдістермен, қандай ұйымдастыру формаларында дене тәрбиесінің міндеттерін шешетінін, сондай-ақ одан қандай нәтижелер алынуға тиісті екенін алдын ала көре білу. Дұрыс жоспарлау белгілі бір жүйеде және бір ізгілікте дене шынықтыру жаттығуларын қолдана отырып, көзделген мерзімде оқу-тәрбие жұмыстарында мейлінше жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі.

**Есепке алу** – бұл денсаулық жағдайын,

дененің даму деңгейі мен дайындығын анықтау. Осы есепке алу негізінде жұмыс жоспары жасалады. Есепке алу балалардың түрлі көрсеткіштерінің өзгеруін көруге, жоспарлаудың дұрыстығын анықтауға, оған дер кезінде кейбір өзгерістерді енгізіп отыруға мүмкіндік береді.

**Дене шынықтыру сабақтары процесінде баланы жан-жақты тәрбиелеу: адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек т.б. тәрбиелер –** дене шынықтыру сабағы процесінде баланың жеке басының жан-жақты үйлесімді дамуы баланың бойында адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық сезім мен қарапайым еңбек дағдыларын нысаналы түрде қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады. Дене шынықтыру сабағының ерекшелігі, балалар орындайтын жаттығу уақыты тәртібінің дәлдігінен көрінеді, мұның өзі жалпыға бірдей қарқынды қимыл үйлесімін, саналықты, жинақылықты, ерік-жігер күшін, тәртіптілікті қалыптастырады. Балалар үйренетін негізгі қимылдардағы жаттығу батылдық, табандылық, өзін-өзі билеуді және ептілік көрсетуді талап етеді. Бұл жаттығуларды орындау қорқыныш пен сенімсіздік сезімін жеңумен, ерік-жігер шырығуымен, мақсатқа жетудегі табандылықпен байланысты. Ережелі қимыл-қозғалыс ойындарында балалар ұстамдылық пен ерік-жігер, ойын жағдайының күтпеген жерден өзгеруіне тез реакция жасауды, сондай-ақ жолдастық, өзара көмек, әділеттілік, батылдық пен табандылық сезімін көрсете отырып жаттығады. Сабақта балалардың аталған қасиеттерді қайталауына және тәрбиешінің басшылығына қарай белсенділік көрсетуі біртіндеп күнделікті өмірге ауысады. Сабақ процесінде тәрбиеші балалардың бойында олардың адамгершілік қасиетіне лайық барлық нормалардың қалыптасуын бақылады. Ол қарапайым формада баланың өз қимыл-әрекеті мен жолдастарының әрекеттеріне қолайлы талдау жасауға, сын тұрғысында баға беруге үйретеді. Бұл орайда тәрбиешінің сөзі, балаларға ұсынылған тапсырманы тұжырымдаудың барынша айқындылығы, қимылды дұрыс орындағаны мақұлдануы, кемшілік жөнінде ескерту жасауы, ойынды жігерлі түрде бейнелеп әңгімелеп беруі маңызды рөл атқарады. Дене шынықтыру сабақтары баланың эстетикалық қабылдау қабілетін, талғамын, қоршаған өмірдің, сұлулықтың кейбір элементтерін қосуын дамытуға бағытталған эстетикалық тәрбиемен тығыз байланысты. Дене шынықтыру саласында оның ерекшелігіне байланысты эстетикалық қабылдау жоғары моральдық қасиетті, жан сұлулығын игерген, денсаулығы мықты, үйлесімді дамыған, күшті, ақ жарқын адамның бейнесінен басталады. Сырт көрінісі сымбатты, сұлу тұлғаның әсемділігіне ең алдымен тәрбиеші сай болуы керек. Онымен тікелей күнделікті қарым-қатынас, оның өзін-өзі ұстау мәнерін, сөйлеу және қимыл мәдениетін, қайырымдылық, кішіпейілдігін қабылдау балаларға игілікті әсер етеді, еліктеуге ынталандырады. Сабақ процесінде тәрбиешінің айтқан сөзі, балаларға үн қатуы зор тәрбиелік рол атқарады. Ойынның мазмұнын бейнелі, эмоциялы етіп әңгімелеп беру, тәрбиеші көрсеткен дене жаттығулары көрнекі үлгілері техникалық жағынан дұрыс болуы керек. Олардың әсем, дәл орындалуы балалардың солай қайта жасауға қызығушылығын туғызады. Балалардың дербестігі мен шығармашылық белсенділігін, әсіресе ересектердің тобында нысаналы түрде қалыптастыру балаларды өз беттерінше жаттығуға және ойынға өзіндік ой қосуға, сондай-ақ өз ойларын нақты, тиянақты ойлап, оны жүзеге асыруға үйретеді.

**Сабақ өткізу әдістемесі**. Сабаққа арналған дене жаттығуларын іріктеп алу негізінде жасалған жұмыс жоспарымен анықталады. Белгілі бір топтағы білім алушылардың жасын, әрбір білім алушының жеке басының денсаулық жағдайын, дамуының жалпы дәрежесін білім алушылар игерген қимыл дағдыларын, әрбір баланың

жеке басының типологиялық ерекшелігін, жыл мезгілін, сабақ өткізу үшін жасалған жағдайды, сондай-ақ олардың бұрынғы әрекеттерін есепке алуды да ескеретін перспективалық және календарлық жоспарларды негізге ала отырып, міндеттер белгіленеді және нақты дене жаттықтырулары іріктеліп алынады. Кезекті сабақтың жоспарын талдап жасауға бұрын өткен сабақтың, әсіресе соңғы сабақтың тиянақты талдауы алғы шарт болады. Білім алушылардың сабақ кезіндегі зейіні, белсенділігі олардың эмоциялық жағдайы әр түрлі жастағы топтарда қимыл материалдарының іріктеп алынуына, тәрбиешінің қолданылатын тәсілдері мен сабақ кезінде білім алушыларды ұйымдастырудың әртүрлі әдістері арқылы қимыл әрекеттерін үйрету, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу процесінде қимылға бір мезгілде тартылса, оларды тұрақты зейінділік, эмоциялық жағымды күй, тапсырмаға толық дәрежелі реакция байқалады.

**Сабақтың типтері.** Дене шынықтыру сабақтары ойын формасында өткізілуі немесе гимнастикалық жаттығуларды және қимыл қозғалыс ойындарын ұштастыру мүмкін. Жоғарыда қарастырылған бала ағзасының жұмыс істеу қабілетінің динамикасын ескертетін, сабақ құрылымы сабақтың көрсетілген типтерін жасаудың негізін құрайды және олардың жоспарын анықтайды. Ойын формасындағы сабақ кез келген жастағы топта өткізіледі. Ойын формасындағы сабақ мазмұны жөнінен әр түрлі қимыл-қозғалыс ойындарында да құрылуы мүмкін, олардағы қимыл материалдарының жүйелілігі мен сипаты нақ жоғарыдағыдай құрылымын көздейді (мысалы, «Өзіңе серік тап», «Ең ынтымақ кімнің тобы?» , «Тап та үндеме» ойындары). Бұл типтегі сабақ қимыл-қозғалыс ойындарының өзара байланысты жүйелілігі және басшылықтың шағармашылық әдістемесін талап етеді.

**Сабақтың мазмұны мен құрылымы.** Әрбір жастағы топтарға арналған бағдарламадан туындайтын және балалардың қимыл әрекеттерінен көрінетін дене жаттығулары сабақтың мазмұнын құрайды. Дене жаттығулары мазмұны жағынан әр алуан. Бұл орайда айқын әрі дәл міндетті бағдарламаның жүргізілу жүйелілігін сақтау, сондай-ақ балалардың жасына байланысты, жеке басының ерекшеліктерін ескеру міндетті түрде қажет. Сабақтың құрылымы және жаттығулары жүйелі түрде қажет. Сабақтың құрылымы дене жаттықтыруларын жүйелі түрде орындауынан көрінеді. Дене шынықтыру сабақтары өзара байланысты үш бөлімнен кіріспе дайындық (мотивациялық-қозғаушылық), негізгі (ұйымдастыру-іздестіру) және қорытынды (рефлексивті-түзетушілік) бөлімдерден тұрады. Сабақтың әрбір бөлімі үшін барлық білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру міндеттерінің бірдей зор маңызы бар. Көрсетілген міндеттердің орындалуы балаларға жан-жақты ықпал етуді қамтамасыз етеді. Білім алушының ойының ширақ жұмыс істеуіне, сезіміне, игерген дағдыларына байланысты, тапсырмаға білім алушының реакциясы сабақтың кез-келген бөлімінен және әрекеттің бүкіл сан алуандылығынан көрінуі тиіс.

**Дене шынықтыру сабағының жалпы сипаттамасы.** Дене шынықтыру сабақтары – білім алушыларға дене шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Сабақтың арнаулы міндеті білім алушыларды дұрыс қимыл-қозғалысқа үйрету, дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады. Сабақтың маңыздылығы өзара байланысты сауықтыру, білім беру, тәрбиелеу міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыру олардың орындалуы білім алушының дене күшінің дамуын, денсаулығының нығаюын, олардың дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын игеруін дене тәрбиесі мен спортқа эмоционалды-жағымды қатынасын қалыптастыруды, оның жеке басын жан-жақты қамтамасыз етеді.

# Аспаз мамандығы – мақтанышым

**Жайық СЕЙІТҚАЛЫҚ,**
**3-курс білім алушысы.**
**Айнур Актилековна КАБДУЛЛИНА,**
**өндірістік оқыту шебері.**
**«Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжі» МКҚК.**
**Алматы қаласы.**



Мамандық таңдау – әрбір адам баласының мақсаты, ой-арманы, тілегі. Бірақ мамандық таңдау өте қиын, өйткені мамандықтар өте көп, бәрі жақсы, бәрі пайдалы, оның бәрін бірдей бір адам игере алмайды.

Әр адам өзінің қабілетіне қарай біреуін ғана таңдай алады. Сол көп мамандықтың ішінен мен өзіме «Аспазшы» мамандығын таңдағанымды әрдайым мақтан етемін. Себебі, мамандық – бұл әрбір адамның өзі сүйіп, әрі қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы. Мен өз болашағымның жарқын болуы үшін дұрыс таңдау жасадым деп ойлаймын.



«Аспаз» болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұған шыдамдылық пен табандылық қажет. Сондай-ақ әрбір тағамның жасалу технологиясын жақсы меңгергенде ғана жақсы аспаз бола аласың. Менің де жақсы аспаз болуыма өзім оқыған «Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжіндегі» білімім мен алған тәрбиемнің де әсері мол болды.



Біздің колледждің миссиясы: қазіргі

заманғы халықаралық стандарттар деңгейінде бәсекеге қабілетті, жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге ие құзыретті түлектерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін сапалы білім беру қызметтерін ұсыну, білікті маман дайындау. Сол себепті де колледжішілік, аймақтық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, өз шеберлігін шыңдау әрбір білім алушылар үшін негізгі міндет









деп санаймын. Осы орайда білім алған оқу орнына, колледж директоры Еркенов Болат Есмуратұлына, өндірістік оқу шеберлері Кабдуллина Айнұр Актілекқызы және Қосанова Ақбота Есейқызына, топ жетекшім Сауданбекова Гулсим Молдалиевна маған сенім арткандарына, қолдап, тәжірибе жүзінде көмек көрсетіп, мықты маман болуға себепкер болғандары үшін алғыс білдіре отырып, жетістіктерімді тізе кеткім келеді:

- «Shef Battle BBQ 2018» юниорлар арасындағы жарыста 2-орын;
- I Халықаралық фестиваль «Деларук Horecas – 2019» командалық жарыста 2-орын;
- Аймақтық WorldSkills Taldykorgan 2019 чемпионатында «Аспаз ісі» мамандығы бойынша Гран-при;

«WorldSkillsKazakhstan 2019» V Республикалық кәсіби шеберлік «Аспаз ісі» құзыреттілігі бойынша I орын;

- Алғашқы ашық чемпионат Өзбекстан Республикасында «Аспаз ісі» құзыреттілігі бойынша I орын иелендім, бұл менің ғана жетістігім емес, колледждің бізге білім беруге жұмсалған еңбектерінің нәтижесі деп білемін.

Қорытындылай келе, мамандық таңдау – ең маңызды іс, себебі ол – өз өмір жолыңды қалыптастырушы.

# Закрепление. Свойства арифметических действий

**Цель:** закрепить умение использовать изученные свойства арифметических действий при вычислениях.

**Задачи:**

*Образовательные:* закрепить умение решать задачи на движение, навыки устного счета;

*Развивающие:* развивать память, внимание, творческое воображение, образное и логическое мышление;

*Воспитательные:* воспитывать коммуникативные качества, умение слушать и высказывать своё мнение, уважать мнение других. Прививать бережное отношение к окружающему нас миру.

**Тип урока:** урок закрепления изученного материала.

**Методы обучения**: словесный, наглядный, практический, аналитико-синтетический.

**Формы работы учащихся:** индивидуальная, парная, групповая.

**Приёмы:** устный счёт, решение задач, работа по карточкам.

**Технология:** личностно-ориентированная.

**Оборудование:** мультимедийный проектор, учебник «Математика», 4 класс, письменные принадлежности, тетради, карточки, картинки, оценочные листы.

**Ход урока.**

1. **Организационный момент. (2 мин)**

- Здравствуйте, ребята! Сегодня я шла в школу с отличным настроением. Как вы думаете, почему?

**Дети:** - Потому что, Вы хотели быстрее с нами встретиться.

- Потому что наступила настоящая весна.

- Сегодня светит солнце ....

**Учитель:** Да, все, что вы сказали, верно: и на улице стало совсем тепло и солнышко светит!

- И нашей с вами встрече я рада. А ещё у меня такое приподнятое настроение от ожидания плодотворных работ с вами... Итак, начнем урок.

2. **Актуализация знаний. (9 мин)**

- Перед вами листы – самооценивания, каждое задание оценивается баллами. В конце урока вы подсчитываете свои баллы и получаете оценку.

За устный счет – 14 балл *(За каждое правильное выполненное задание 1 балл)*

**а) Классы и разряды: запишите**

9 ед. 3-го разряда, 4 ед. 1-го разряда (904)

601 ед. II класса, 6 ед. I класса (601.006)

4 сот. тыс., 4 сот (400. 400)

- Ребята, назовите I класс? *(Класс единиц)* II класс? *(Класс тысяч)* III класс? *(Класс миллионов)*

**б) Математический диктант:**

1. Вычисли сумму чисел 480 и 200 (680)
2. Увеличь 375 на 25 (400)
3. Из 5 сотен вычти 5 десятков (450)
4. Увеличь 150 в 3 раза (450)
5. Чему равна разность чисел 634 и 30 (604)
6. На сколько 290 больше 40? (250)
7. 3 дм, сколько это см? (30 см)
8. Первое слагаемое 460, второе слагаемое 440? (900)
9. Из произведения чисел 60 и 5 вычесть 150? (150)
10. Дочери 6 лет, а мать старше ее на 22 года. Сколько лет матери? (28)

**Самопроверка.**

**в) Логическое задание:**

- Ребята, посмотрите на этот замечательный весенний цветок и скажите, из каких геометрических фигур состоит он? Назовите их.



- Молодцы, а теперь оцените себя.

3. **Работа по теме. (17 мин)**

**А) Работа в паре. (3 мин)**

За каждое верное решение по 1 баллу.

Вычислите удобным способом:

35 + 2 + 48 +5 = (35 + 5) + (48 + 2) = 90

(202 + 150) * 2 = (202 * 2) + (150 *2) = 404+300 = 704

(200*18) * 5 = (200*5) * 18 = 1000*18 = 18000

- Ребята, а для решения удобным способом, какие арифметические свойства применили?

*а + в = в + а (переместительное свойство)*

*а + в + с = (а +с) + в (сочетательное свойство)*

*(а + в) * с = а *с + в * с (распределительное свойство)*

4. **Сообщение темы урока. (2 мин)**

– Сформулируйте тему урока.

**– Тема нашего урока: «Закрепление. Свойства арифметических действий».**

– Какие цели поставим?

**Б) Работа в группе. (8 мин)**

- Вот и наступила весна. Давайте, вспомним, что изменилось в природе? В это время года у людей много работы. «Весенний день год кормит».

- Объясните значение пословицы.

- Как потрудимся весной, такой урожай получим осенью.

**Задача. Задание №6 (а) стр. 132.**

Фермер привез на рынок одинаковое количество ящиков яблок и груш. Каждый ящик груш весил 50 кг, а ящик яблок 40 кг. Все фрукты вместе весили 8 т 1 ц. Сколько килограммов тех и других фруктов по отдельности привёз фермер?

- Какая группа готова? Время вышло, положили ручки. Проверяем.

1 группа объясняете краткую запись задачи. У кого так, поднимите руки, сверьте.

Яблок - ? кг, 1 ящ. – 50 кг 8 т 1 ц = } 8100 кг
Груш - ? кг, 1 ящ. – 40 кг }

1) 50 + 40 = 90 (кг) – общ. масса
2) 8100 : 90 = 90 (ящ.) – всего
3) 50 * 90 = 4 500 (кг) – масса яблок
4) 40 * 90 = 3 600 (кг) – масса груш

Ответ: масса яблок – 4 500 кг, масса груш – 3 600 кг.

*За правильное решение задачи 3 балла.*

**Физминутка «Солнышко». (2 мин)**

**С) Разноуровневые задания. (6 мин)**

Весна – это пробуждение природы, гомон птиц, шум и веселье ребят...

- Перед вами карточка **«Весенний задачник»** <u>(решение задач на движение)</u> выберите только одно задание, с которым вы справитесь и решите.

**А.** Ласточки зимуют в Южной Африке, но уже в марте огромные стаи этих птиц летят на север, в Европу преодолевая путь 8000км за 50 часов. Определите скорость полета ласточек.

S – 8000 км
t – 50 ч
V - ? км/ч

***Решение:***

